

**«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ»**

Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы, Есіл ауданы,
Сығанақ 54а, “А” бизнес орталығы
www.biork.kz, ruhany.jangiru.17@bk.ru
тел. 8-747-628-80-54, 8-702-986-64-05



**«НОВЫЙ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ИННОВАЦИОННЫЙ
ЦЕНТР»**

Республика Казахстан, 010000,
г. Астана, район Есильский,
Сыганак 54а, Бизнес центр “А”
www.biork.kz, ruhany.jangiru.17@bk.ru
тел.: 8-747-628-80-54, 8-702-986-64-05

28.10.2025. №096

Екібастұз қаласы

**М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
ректоры Е.М. Исақәев мырзаға**

Құрметті Ербол Маратұлы!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын кеңінен насихаттау мақсатында «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығы «Жаңа Қазақстан – білім беру саласындағы жаңашыл идеялар» атты патриоттық жобасы аясында «**Ғылым қайраткері**» атты республикалық байқауын өткізеді.

Іс-шараның мақсаты: Ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлерін, профессорлар мен ғалымдарды, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқытушыларын қолдау және олардың ғылыми жетістіктерін насихаттау; ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесін дәріптеу; зерттеу мәдениетін дамыту және отандық ғылымның беделін арттыруға бағытталған шығармашылық бастамаларды қолдау.

Сізден аталған іс-шараны қолдауыңызды, сондай-ақ өз мекемеңіздегі профессор, ғалымдарды және ЖОО оқытушыларын байқаудың ережесімен ақпараттандырып, қатысуына ықпал етуіңізді сұраймыз.

Сізге алдын-ала алғысымызды айта отырып, біздің ұжымдар арасындағы мәдени-рухани ынтымақтастығымыз бұдан әрі де жалғаса беретініне сенім білдіреміз.

Қосымша: 2 парақта

**Құрметпен,
"Жаңа Қазақстан" Республикалық
инновациялық орталығының директоры**



Сәлімгерей Б.Н.

Орындаған: Г.Бахалиева +7 702 986 6405
+7 747 628 8054

**«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТЕТІН**

«ҒЫЛЫМ ҚАЙРАТКЕРІ»

**АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНА
ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ!**

◆ **Жалпы ереже**

«ҒЫЛЫМ ҚАЙРАТКЕРІ» байқауы - ғылым мен білімнің дамуына үлес қосқан, елдің интеллектуалды әлеуетін арттыруға өз еңбегін сіңірген тұлғаларды анықтап, марапаттауға арналған беделді жоба.

◆ **Байқаудың мақсаты:**

- Ғылыми ізденіс пен инновациялық идеяларды насихаттау;
- Қазақстанның ғылыми қауымдастығындағы үздік мамандарды дәріптеу;
- Ғылымды жастар арасында беделді мамандық ретінде танымал ету;
- Ел дамуына зор үлес қосқан тұлғаларды қоғамға үлгі ету.

◆ **Байқаудың міндеті:**

- Ғалымдардың, зерттеушілердің үздік ғылыми еңбектерін таныстыру;
- Инновациялық, зерттеушілік және шығармашылық белсенділікті арттыру;
- Ғылымдағы жаңа бағыттар мен жобаларды қолдау.

◆ **Байқауға қатысушылар:**

1. Ғылыми-зерттеу институт қызметкерлері;
2. Профессор, ғалымдар,
3. ЖОО оқытушылары.

◆ **Байқауға қатысу талаптары:**

Байқау екі кезеңнен тұрады. *I кезең* - бойынша қатысушы өзі жайлы жазылған 2 беттен артық емес өмірбаянын, басылымдарға жарияланған ғылыми мақалалар тізімін жіберуі қажет. Сондай-ақ жеткен жетістіктерін растайтын құжат көшірмелері (мысалы: алынған алғыс хат, диплом, медаль және т.б.) қоса тіркелуі тиіс.

Құжаттар **2025 жылдың қараша айының 21-не** дейін ruhany.jangiru.17@bk.ru электронды почтасына өтініш кестесімен бірге қабылданады.

◆ Байқау қатысушыларына табысталады:

- Арнайы тағайындалған **ТӨСБЕЛГІ**;
- Төсбелгіні куәландыратын **КУӘЛІК**;
- **СТАТУЭТКА**;
- **ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ** беріледі;
- Қатысушыға қолдау көрсеткені үшін мекеме басшысының атына **АЛҒЫС ХАТ** жолданады.

◆ **Байқаудың марапаттау рәсімі** Астана қаласында конференция түрінде өтеді. Қорытынды конференция бағдарламасы іріктеліп алынған қатысушыларға жіберіледі. Қорытынды конференция бағдарламасында қоғам қайраткерлерінің, танымал тұлғалардың қолынан төсбелгі және арнайы марапаттар табысталады.

◆ «**Ғылым қайраткері**» республикалық байқауына қатысуға арналған өтінім

Қатысушының тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Қызмет орны атауы, лауазымы	
Еңбек өтілі	
Байқау атауы	«Ғылым қайраткері»
Телефон, ұялы, e-mail.ru	
Сапалы түрлі-түсті ¾ фото	

Ұйымдастыру алқасының байланыс деректері:

Сайты: <https://bilim-ork.kz>

Instagram парақшасы: [@bilim_orkenieti_](#)

Facebook парақшасы: «[Білім өркениеті](#)»

Электронды поштасы: ruhany.jangiru.17@bk.ru

Байланыс телефондары: +7 747 628 80 54, +7 702 986 64 05